

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН-АМЕРИКАНДЫҚ ЕРКІН УНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКІТЕМІН»

ҚАЕУ Ғылыми кеңесінің төрағасы

ҚР ҰҒА академигі

 Е.А. Мамбетқазиев

« 26 » 12 2025 ж.



8D04201 «ҚҰҚЫҚТАНУ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША
ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ

8D04201 "Құқықтану" білім беру бағдарламасы бойынша Қабылдау (оқуға түсу) емтиханының бағдарламасы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңы, 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірленді.

Қабылдау (оқуға түсу) емтиханының бағдарламасы ҚАЕУ-дің Ғылыми кеңесінің отырысында қаралып, бекітілді (2025 жылғы 26 желтоқсандағы №4 хаттама).

Мазмұны

8D04201 "Құқықтану" білім беру бағдарламасы бойынша докторантурада ғылыми, педагогикалық және басқару кадрларын даярлау тек күндізгі бөлімде жүзеге асырылады.

Докторантураға қабылдау білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Докторантураға түсу емтиханы эссе жазудан, докторантурада оқуға дайындығына тест тапсырудан және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханнан тұрады.

Осы бағдарлама қабылдау емтиханына арналған материалдарды (эссе тақырыбы, емтихан сұрақтары) қамтиды.

Қабылдау емтиханы 100 балдық жүйе бойынша бағаланады. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде докторантураға түсу конкурсына қатысу үшін белгіленген шекті балл – 75 балл.

Емтихан үш кезеңнен тұрады:

1. Жоғары оқу орнының емтихан комиссиясымен әңгімелесу (ең жоғарысы – 30 балл).
2. Берілген тақырып бойынша эссе жазу (ең жоғарысы – 20 балл).
3. Білім беру бағдарламасының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауап беру (ең жоғарысы – 50 балл).

Қабылдау емтиханы аяқталғаннан кейін талапкердің эссе және білім беру бағдарламасының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына берген жауаптары өңдеу және бағалау үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына (ЖЖОКБҰ) жіберіледі.

Қабылдау емтиханының нәтижелері емтихан өткізілгеннен кейінгі келесі күні жарияланады. Талапкерлер қабылдау емтиханының нәтижелерімен жеке кабинеті арқылы таныса алады.

Эссе тақырыбы.

Эссе-бұл ғылыми білімнің тұжырымдамалары мен аналитикалық құралдарын қолдана отырып, өздігінен жүргізілген талдау негізінде қойылған мәселе бойынша авторлық ұстанымның дәлелді жазбаша мәлімдемесі.

Мақсаты-теориялық білім, әлеуметтік және жеке тәжірибе негізінде өз дәлелдерін құру қабілетінде көрсетілген аналитикалық және шығармашылық қабілеттердің деңгейін анықтау.

Эссенің ғылыми-талдамалық сипаты бар, онда келіп түсетін болжамды зерттеудің өзектілігі мен әдіснамасының негіздемесі қамтылуға тиіс (research proposal).

Эсседе графикалық нысандар, символдар мен формулалар болмауы керек. Эсседегі сөздердің ұсынылатын саны-250-300.

Эссені бағалау Дублин дескрипторларын сақтай отырып, келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

Критерийлер	Дескрипторлар	Балл саны
-------------	---------------	-----------

Тақырыпты ашу терендігі 6 ұпай	мәселе ғылыми терминдер мен ұғымдарды дұрыс қолдана отырып, теориялық деңгейде ашылады	3
	мәселені ашу кезінде өзіндік көзқарас (ұстаным, көзқарас) ұсынылған	2
	әр түрлі дереккөздерден алынған ақпарат пайдаланылды	1
Дәлелдеу, дәлелдеу негізі 6 ұпай	эссе тақырыбына сәйкес келетін ғылыми әдебиеттер мен дереккөздерден дәлелдердің болуы	3
	себеп-салдарлық байланыстарды анықтау	2
	тарихи, әлеуметтік және жеке тәжірибелерден алынған фактілер мен дәлелдемелердің болуы	
Композициялық тұтастық және тұсаукесер қисыны 6 ұпай	композициялық тұтастықтың болуы, эссенің құрылымдық компоненттері логикалық түрде байланысты	3
	ішкі логиканың болуы, нақтыдан жалпыға, жалпыдан жекеге өту мүмкіндігі	2
	қорытындылардың болуы	1
Сөйлеу мәдениеті 2 ұпай	академиялық жазудың жоғары деңгейін көрсету (лексика, ғылыми терминологияны білу, грамматика, стилистика)	2
	Максималды балл саны	20

8D04201 «Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша эссе жазуға арналған үлгілік тақырыптар:

1. Заманауи мемлекеттің конституциялық дамуының негізгі қағидаттары.
2. Құқықтық жүйені жетілдірудегі заң ғылымының маңызы.
3. Қазіргі жағдайдағы құқықтық дауларды шешудің баламалы тәсілдері.
4. Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет жүйесін дамытудың үрдістері.
5. Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттырудың заманауи тәсілдері.
6. Кәсіпкерлік қорғау мәселелері.
7. Заманауи заңгердің кәсіби құзыреттері және олардың заң тәжірибесіндегі маңызы.
8. Заңгерлік қызметтің этикалық негіздері және олардың әділ сотқа деген сенімді қамтамасыз етудегі рөлі.
9. Құқық шығармашылығы мен құқық қолдану қызметінің құқықтық мемлекетті дамытуға ықпалы.
10. Заңдылық пен құқықтық тәртіптің қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі маңызы.
11. Жеке тұлға, қоғам және мемлекет мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз етудегі құқықтың рөлі.
12. Құқық саласын цифрландыру: мүмкіндіктері мен сын-қатерлері.
13. Қазіргі мемлекеттердегі адам құқықтарын қорғау тетіктерін дамыту.
14. Азаматтық қоғамды нығайтудағы құқықтық мәдениеттің маңызы.
15. Ұлттық заңнаманы жетілдірудің заманауи үрдістері.

Емтихан сұрақтары.

Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады. Емтихан сұрақтарының жалпы саны – 210, олар үш блокқа біріктірілген, әр сұрақ блогы үшін 70 сұрақ.

Сұрақтардың әр блогы белгілі бір құзыреттерді анықтауды қамтиды және пәндік саладағы жүйелік түсінуді анықтауға, зерттеу әдіснамасы мен әдістерін білуге, идеяларды сыни тұрғыдан талдау, синтездеу және бағалау дағдыларын анықтауға бағытталған.

Блоктар	Сұрақтың сипаты	Балл саны
1-ші сұрақ	теориялық-теориялық білімнің деңгейі мен жүйелілігін анықтайды	10
2-ші сұрақ	практикалық-функционалдық құзыреттіліктің қалыптасу дәрежесін анықтайды (пәндік салада әдістерді, технологиялар мен технологияларды қолдана білу)	15
3-ші сұрақ	зерттелетін пән саласы бойынша жүйелі түсінушілікті, зерттеу әдіснамасы саласындағы мамандандырылған білімді анықтайды (жүйелік құзыреттер)	25
Барлығы		50

Электрондық емтихан билетінің сұрақтарына жауаптарды бағалау критерийлері:

Сұрақ	Бағалау критерийлері	Балл саны
1-ші сұрақ	зерттелетін пәндік саланың негізгі үдерістері туралы білімдерін көрсетеді; мәселенің ашылу тереңдігі мен толықтығы	5
	талқыланған мәселе бойынша өз пікірін қисынды және дәйекті түрде білдіреді	3
	ұғымдық-категориялық аппаратты, ғылыми терминологияны меңгерген	2
	Жиыны	10
2-ші сұрақ	пәндік саладағы мәселелерді шешу үшін әдістер, техникалар, технологияларды қолданады	7
	құбылыстарды, оқиғаларды, процестерді салыстырады, жіктейді; практикалық дағдылар негізінде қорытынды жасайды	5
	әр түрлі ақпарат дереккөздерден алынған ақпаратты талдайды	3
	Жиыны	15
3-ші сұрақ	теориялық және практикалық әзірлемелерді, ғылыми тұжырымдамаларды және ғылым дамуының қазіргі заманғы үрдістерін сыни тұрғыдан талдайды және бағалайды	10
	пәндік білімнің негізгі мәселелерін түсіндіруде әдіснамалық тәсілдерді синтездейді	8
	процестерді, құбылыстарды, оқиғаларды талдау кезінде себеп-салдарлық байланыстарды анықтайды	7
	Жиыны	25
	Барлығы	50 балл

Емтиханға дайындалуға арналған үлгілік сұрақтар:

Бірінші блок бойынша сұрақтар

6B042 Құқық

1. Қоғамдық қатынастарды реттеудегі мемлекеттің рөлі.
2. Құқықтың мәнін түсіндірудегі заманауи көзқарастар.
3. Жария биліктің негізгі белгілері мен функциялары.
4. Мемлекеттік егемендік және оның маңызы.
5. Құқықтық мемлекет: ұғымы және негізгі сипаттамалары.
6. Құқықтың, моральдың және әдет-ғұрыптың арақатынасы.
7. Құқықтық реттеу – қоғамды басқару құралы ретінде.
8. Құқық қағидаттарының құқықтық жүйедегі маңызы.
9. Құқықтық сананың тұлға мінез-құлқына ықпалы.
10. Құқықтық мәдениет – азаматтық қоғамның маңызды элементі.
11. Заңдылықты қамтамасыз етудегі заңи жауапкершіліктің рөлі.
12. Құқықтық жүйенің дамуының қазіргі үрдістері.
13. Еңбек қатынастарын құқықтық реттеудің қағидаттары.
14. Қазіргі жағдайдағы еңбек шартының маңызы.
15. Еңбек қатынастары тараптарының құқықтары мен міндеттері.
16. Қашықтан жұмыспен қамтудың құқықтық ерекшеліктері.
17. Қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғау тетіктері.
18. Еңбек саласындағы әлеуметтік әріптестік.
19. Еңбек жағдайлары өзгерген кездегі қызметкерлердің құқықтық кепілдіктері.
20. Жұмыс уақыты және оны ұйымдастырудың құқықтық негіздері.
21. Демалыс уақытын құқықтық реттеу ерекшеліктері.
22. Қызметкерлердің жекелеген санаттарының еңбегін құқықтық реттеу.
23. Еңбек шарты тараптарының жауапкершілігі.
24. Азаматтық құқықтың құқық жүйесіндегі орны.
25. Азаматтық-құқықтық реттеудің негізгі қағидаттары.
26. Азаматтық құқықтық қатынастарға қатысушылардың құқықтық мәртебесі.
27. Жеке тұлғалардың құқықтық жағдайының ерекшеліктері.
28. Заңды тұлғалар – жеке құқық субъектілері ретінде.
29. Азаматтық құқық объектілері және олардың түрлері.
30. Меншік құқығы және оны жүзеге асыру нысандары.
31. Азаматтық-құқықтық мәмілелердің құқықтық маңызы.
32. Шарт еркіндігі қағидатының мазмұны.
33. Міндеттемелерді орындау және оларды қамтамасыз ету тәсілдері.
34. Азаматтық құқықтарды қорғаудың заманауи тетіктері.
35. Азаматтық айналымды цифрландырудың құқықтық аспектілері.
36. Мемлекеттік құрылыстың конституциялық негіздері.
37. Конституцияның құқықтық жүйедегі орны мен маңызы.
38. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысының негіздері.
39. Адам құқықтары мен бостандықтары – мемлекеттің жоғары құндылығы.
40. Азаматтардың конституциялық міндеттері.
41. Билікті бөлу қағидаты және оны іске асыру тетіктері.
42. Сайлау жүйесі және оның демократиялық қоғамдағы маңызы.
43. Азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысу нысандары.

44. Мемлекеттік билік жүйесіндегі Құрылтайдың (Парламенттің) орны.
45. Президенттің конституциялық мәртебесі және өкілеттіктері.
46. Жергілікті өзін-өзі басқарудың конституциялық негіздері.
47. Конституциялық бақылаудың мәні мен маңызы.
48. Қазіргі халықаралық құқықтың рөлі мен маңызы.
49. Халықаралық және ұлттық құқықтың өзара байланысы.
50. Халықаралық құқықтың негізгі субъектілері.
51. Халықаралық шарттар – халықаралық құқықтың қайнар көзі ретінде.
52. Мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығының негізгі қағидаттары.
53. Халықаралық ұйымдардың құқықтық мәртебесі мен функциялары.
54. Адам құқықтарын қорғаудың халықаралық тетіктері.
55. Халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу құралдары.
56. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің халықаралық-құқықтық аспектілері.
57. Қылмыстылықпен күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастық.
58. Жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі халықаралық құқықтың рөлі.
59. Қылмыстық құқықтың қоғамдық қатынастарды қорғаудағы маңызы.
60. Қылмыстық жауаптылықтың негізгі қағидаттары.
61. Қылмыстық жауаптылықтың туындау негіздері.
62. Қылмыстық құқық бұзушылықтың ұғымы мен белгілері.
63. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементтері.
64. Кінәнің нысандары және олардың құқықтық маңызы.
65. Қылмыстық құқық бұзушылық жасау сатылары.
66. Қылмысқа қатысушылық институтының ерекшеліктері.
67. Әрекеттің құқыққа қайшылығын жоққа шығаратын мән-жайлар.
68. Қылмыстық жазаның мақсаттары мен түрлері.
69. Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату институттары.
70. Қазақстан Республикасының қылмыстық саясатын дамытудың заманауи бағыттары.

Екінші блок бойынша сұрақтар

6B042 Құқық

1. Қазіргі жағдайдағы мемлекет пен құқықтың өзара байланысының ерекшеліктері.
2. Мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды зерттеудегі ғылыми әдістердің маңызы.
3. Заманауи мемлекеттің негізгі белгілері.
4. Қоғамдық қатынастарды реттеудегі мемлекеттік институттардың рөлі.
5. Қазақстан Республикасының құқықтық дамуының негізгі бағыттары.
6. Құқық пен өзге әлеуметтік нормалардың арақатынасы.
7. Құқықтың әлеуметтік реттеуші ретіндегі маңызы.
8. Адам құқықтары тұжырымдамасының тарихи дамуы.
9. Құқықты білдірудің негізгі нысандары.
10. Құқықтық реттеудегі олқылықтарды еңсеру тәсілдері.
11. Еңбек шарты мен азаматтық-құқықтық шарттың арақатынасы.
12. Қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігінің ерекшеліктері.
13. Жұмыс уақыты режимдерінің құқықтық сипаттамасы.
14. Қызметкерлердің материалдық жауапкершілігінің түрлері.

15. Еңбек шарттарын тоқтатудың құқықтық негіздері.
16. Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын берудің тәртібі.
17. Еңбекақы төлеу жүйелерінің негізгі түрлері.
18. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек қатынастарын тоқтатудың ерекшеліктері.
19. Еңбек құқығындағы материалдық жауапкершілік пен азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің арақатынасы.
20. Еңбек дауларын шешудің құқықтық тетіктері.
21. Меншікке мүлікті беру жөніндегі міндеттемелердің құқықтық табиғаты.
22. Мүлікті уақытша пайдалануға беру міндеттемелерінің ерекшеліктері.
23. Жұмыстарды орындауға байланысты міндеттемелердің түрлері.
24. Зияткерлік қызмет нәтижелерін пайдаланудың шарттық нысандары.
25. Қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелерді құқықтық реттеу.
26. Көлік тасымалы саласындағы шарттық қатынастардың ерекшеліктері.
27. Сақтау шартының құқықтық табиғаты.
28. Тапсырма шарты тараптарының құқықтары мен міндеттері.
29. Сақтандыру шарттарының негізгі түрлері.
30. Қарыз, несие және факторинг шарттарының ерекшеліктері.
31. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару жүйесі.
32. Судьяларға қойылатын талаптар және олардың құқықтық мәртебесі.
33. Конституциялық іс жүргізудің негізгі сатылары.
34. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті мен жауапкершілігі.
35. Қазақстан Республикасы Құрылтайы (Парламенті) депутатының құқықтық мәртебесі.
36. Мемлекеттік механизмдегі билікті бөлу қағидатының жүзеге асырылуы.
37. Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттіктерін тоқтатудың конституциялық негіздері.
38. Қазақстан Республикасы Президенті актілерінің түрлері мен құқықтық күші.
39. Республикалық референдумның халық билігін жүзеге асырудағы рөлі.
40. Негізгі сайлау жүйелерінің артықшылықтары мен кемшіліктері.
41. Халықаралық жария құқық пен халықаралық жеке құқықтың арақатынасы.
42. Халықаралық құқық қайнар көздерінің жүйесі.
43. Халықаралық құқықтың негізгі қағидаттарының мазмұны.
44. Мемлекеттер мен үкіметтерді халықаралық тану нысандары.
45. Мемлекеттік аумақты өзгертудің құқықтық негіздері.
46. Халықаралық үкіметаралық және үкіметтік емес ұйымдардың ерекшеліктері.
47. Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі.
48. Халықаралық гуманитарлық құқықтың міндеттері мен маңызы.
49. Адам құқықтарын халықаралық қорғау тетіктері.
50. Қылмыстылықпен күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары.
51. Адам өміріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ерекшеліктері.
52. Денсаулыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың сипаттамасы.
53. Жыныстық еркіндік пен қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмыстардың ерекшеліктері.

54. Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қылмыстық-құқықтық қорғау.
55. Азаматтардың саяси құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар.
56. Жеке құқықтар мен бостандықтарды қылмыстық-құқықтық қорғау.
57. Бейбітшілікке қарсы қылмыстардың құқықтық сипаттамасы.
58. Адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың ерекшеліктері.
59. Мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар.
60. Конституциялық құрылыс негіздеріне қарсы қылмыстар.
61. Меншікке қарсы қол сұғушылықтардың негізгі нысандары.
62. Ұрлықпен байланысты емес пайдакүнемдік қылмыстар.
63. Коммерциялық ұйымдардың мүдделеріне қарсы қылмыстар.
64. Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
65. Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар және олардың алдын алу.
66. Қоғамдық имандылыққа қарсы қылмыстардың ерекшеліктері.
67. Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану және асыра пайдалану.
68. Билік өкілдеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
69. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстардың түрлері.
70. Сот төрелігі және сотқа дейінгі тергеп-тексеру саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

Үшінші блок бойынша сұрақтар
6B042 Құқық

1. Мемлекет және құқық теориясының заң және қоғамдық ғылымдар жүйесіндегі орны.
2. Мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды зерттеу әдіснамасы.
3. Қазіргі мемлекеттің негізгі элементтері.
4. Мемлекет функциялары және олардың қазіргі жағдайдағы жүзеге асырылуы.
5. Постсоциалистік мемлекеттердегі құқық пен мемлекеттің даму ерекшеліктері.
6. Құқықтың пайда болуының негізгі тұжырымдамалары.
7. Қазіргі құқықтық мектептер мен құқықтық ой-пікір бағыттары.
8. Құқықты танудың философиялық негіздері.
9. Құқық жүйесі мен заңнама жүйесінің арақатынасы.
10. Заңнаманың тиімділігі және оны бағалау өлшемдері.
11. Еңбек қатынастарындағы кемсітушілікке жол бермеу қағидаты.
12. Ұжымдық шарт әлеуметтік әріптестіктің нысаны ретінде.
13. Қоса атқаратын жұмыс бойынша еңбек қатынастарын құқықтық реттеу ерекшеліктері.
14. Қызметкерді уақытша ауыстырудың құқықтық салдары.
15. Заңсыз жұмыстан шығарылған жағдайда еңбек құқықтарын қорғау.
16. Демалыс және мереке күндеріндегі жұмысқа тартудың ерекшеліктері.
17. Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын құқықтық реттеу.
18. Жалақы төлеу мерзімдерін бұзғаны үшін жұмыс берушінің жауапкершілігі.
19. Еңбек тәртібін қамтамасыз ету құралдары.
20. Жүкті әйелдер мен отбасылық міндеттері бар қызметкерлердің еңбек құқықтарының кепілдіктері.
21. Азаматтық құқық субъектілерінің құқықтық мәртебесі.

22. Сатып алу-сату шартының азаматтық-құқықтық шарттар жүйесіндегі орны.
23. Заңды тұлғалар туралы заңнаманың дамуының заманауи үрдістері.
24. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру және қорғау мәселелері.
25. Міндеттемелік құқықтың өзекті мәселелері.
26. Жеке мүліктік емес құқықтардың азаматтық құқық жүйесіндегі орны.
27. Жалға алу қатынастарын құқықтық реттеу.
28. Мұрагерлік құқықтың қазіргі даму мәселелері.
29. Мердігерлік шарты және оны қолдану тәжірибесі.
30. Жылжымайтын мүлікпен жасалатын мәмілелерді құқықтық реттеу ерекшеліктері.
31. Қазақстан Республикасы Конституциясының құқықтық қорғалуы.
32. Конституцияны түсіндіру және оның құқық қолдану тәжірибесіндегі маңызы.
33. Қазақстан Республикасындағы көппартиялық жүйенің қалыптасуы мен дамуы.
34. Адам құқықтары мен азамат құқықтарының арақатынасы.
35. Қазақстан Республикасы Құрылтайының (Парламентінің) қызметін ұйымдастыру нысандары.
36. Қазақстан Республикасы Конституциясының үстемдігін қамтамасыз ету тетіктері.
37. Үкіметтің конституциялық-құқықтық мәртебесінің даму үрдістері.
38. Қазақстан Республикасындағы конституциялық бақылау институтының қалыптасуы мен дамуы.
39. Сот жүйесінің қызметін қамтамасыз етудегі судья көмекшілерінің рөлі.
40. Мәслихаттардың жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудағы маңызы.
41. Халықаралық және ұлттық құқықтың өзара әрекеттестігі.
42. Халықаралық құқықты жүйелеу және кодификациялау мәселелері.
43. Қазақстан Республикасының халықаралық құқық субъектісі ретіндегі орны.
44. Қазіргі халықаралық құқықтағы мемлекеттердің құқық мирасқорлығы.
45. Мемлекеттердің аумақтық шекараларын айқындаудың халықаралық-құқықтық аспектілері.
46. Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар қызметіне қатысуы.
47. Қазақстанның қауіпсіздік саласындағы халықаралық бастамалары.
48. Адам құқықтарын қорғаудың ұлттық тетіктері.
49. Қылмыстылықпен күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастық.
50. Халықаралық экологиялық құқықтың заманауи мәселелері.
51. Қасақана адам өлтіру мен абайсызда адам өліміне әкеп соқтыруды ажырату мәселелері.
52. Меншікке қарсы қылмыстарды саралау ерекшеліктері.
53. Жеке бас бостандығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
54. Ұлттық қауіпсіздік негіздеріне қарсы қылмыстар.
55. Мүлікті жымқыру нысандарын ажыратудың құқықтық мәселелері.
56. Жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмыстар.
57. Адам өміріне қарсы қылмыстарды саралау ерекшеліктері.
58. Коммерциялық параға сатып алу сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы ретінде.

59. Парақорлықтың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
60. Бұзақылық қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыс ретінде.
61. Терроризмнің қылмыстық-құқықтық бағасы.
62. Кепілге адам алудың қоғамдық қауіпсіздікке қатері.
63. Заңсыз сыйақы алудың саралау ерекшеліктері.
64. Алаяқтықтың меншікке қарсы қылмыстар жүйесіндегі орны.
65. Диверсия мен сепаратизмнің мемлекет қауіпсіздігіне қарсы қылмыс ретіндегі ерекшеліктері.
66. Адам саудасына қарсы іс-қимылдың құқықтық мәселелері.
67. Рейдерлікке қарсы қылмыстық-құқықтық күрес тетіктері.
68. Бопсалаудың пайдакүнемдік қылмыстар жүйесіндегі орны.
69. Бандитизм ұйымдасқан қылмыстылық нысаны ретінде.
70. Экономикалық контрабанданы саралау мәселелері.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Власенко Н.А. Мемлекет және құқық теориясының мәселелері. – М.: Норма, 2023. – 544 б.
2. Нерсеяңц В.С. Мемлекет және құқықтың жалпы теориясының мәселелері. – М., 2018.
3. Жетписов С.К., Сүлейменов М.А., Әлібаева Г.А. Мемлекет және құқық теориясының өзекті мәселелері. – Алматы, 2019. – 146 б.
4. Хасенов М.Х. Қазақстан Республикасының еңбек құқығы: 3 томдық. 1-т. Жалпы бөлім: оқулық. – Алматы: Smart University Press, 2023. – 504 б.
5. Ахметов А.М., Мингали Г. Қазақстан Республикасының еңбек құқығы. Оқулық. 4-басылым. – Мәскеу: ЛитРес: Самиздат, 2018. – 550 б.
6. Клишкин С.И. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы. Жалпы бөлім. Оқу құралы. – Алматы, 2011. – 270 б.
7. Жайлин Г.А. Азаматтық құқық. Ерекше бөлім: оқулық. – Алматы: NURPRESS, 2011. – 297 б.
8. Идрышева С.К. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы. Оқу құралы. – Астана, 2015. – 210 б.
9. Алексеев С.С., Степанов С.А. Азаматтық құқық. 4-басылым. – М.: Проспект, 2020. – 170 б.
10. Суханов Е.А. Азаматтық құқық: оқулық. 1–4 томдар. 3-басылым, толықтырылған және өңделген. – М.: Статут, 2023.
11. Аубакирова Г.А. Азаматтық құқықтың өзекті мәселелері. – Қарағанды, 2025.
12. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы. Екі томдық оқулық. Авторы және авторлық ұжым жетекшісі – заң ғылымдарының докторы, профессор Қ.А. Мәми. – Нұр-Сұлтан, 2021.
13. Құқық үстемдігін, жалпыадамзаттық құндылықтарды және заманауи мемлекеттің басымдықтарын бекіту: Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қызметі / Жалпы редакциясын басқарған з.ғ.д., профессор Қ.А. Мәми. – Нұр-Сұлтан: Деловой Мир Астана, 2020. – 464 б.
14. Халықаралық құқық: оқулық / Жауапты редактор – з.ғ.д., профессор С.А. Егоров. – М.: Статут, 2016. – 848 б.
15. Сәрсембаев М.А., Сәрсембаев К.М. Халықаралық құқық. – Алматы, 2009.

16. Шоу М.Н. Халықаралық құқық. 1–2 томдар. – Алматы, 2019.

17. Бирюков П.Н. Халықаралық құқық: жоғары оқу орындарына арналған оқулық. 12-басылым, өңделген және толықтырылған. – М.: Юрайт баспасы, 2026. – 618 б.

18. Рахметов С.М. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Жалпы бөлім: оқулық. – Алматы: Лантар Трейд ЖШС, 2020. – 404 б.

19. Борчашвили И.Ш. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы бөлім. 1-том. – Алматы: Жеті жарғы, 2021. – 835 б.

20. Бекмағамбетов А.Б., Ревин В.П., Ревина В.В. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім: оқулық. 2-басылым, өңделген және толықтырылған. – Мәскеу: Академия Естествознания баспа үйі, 2017. – 396 б.

21. Қазақстан Республикасының Конституциясы (2026 жылғы 15 наурыз) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000>

22. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (2015 жылғы 23 қарашадағы) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414>

23. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) (1994 жылғы 27 желтоқсандағы) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000>

24. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) (1999 жылғы 1 шілдегі) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409>

25. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (2014 жылғы 3 шілдегі) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

26. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2001 жылғы 23 қаңтардағы) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148>

27. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы (2000 жылғы 25 желтоқсандағы) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000132>

28. «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы (1995 жылғы 18 желтоқсандағы) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002688>

29. «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы (1995 жылғы 26 желтоқсандағы) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002733>

30. «Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы (2026 жылғы 5 маусымдағы) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2600000297>

31. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 12 қаңтардағы №3 нормативтік қаулысы «Бұзақылық жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы». // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P09000003S>

32. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 21 маусымдағы №2 нормативтік қаулысы «Соттардың бандитизм және қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатыса отырып, басқа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P01000002S>

33. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1997 жылғы 18 шілдедегі №10 нормативтік қаулысы «Контрабанда үшін қылмыстық жауаптылық туралы заңнаманы қолдану практикасы туралы» // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P97000010S>

34. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының өзге де нормативтік қаулылары.

Қабылдау (оқуға түсу) емтиханын өткізу регламенті

Түсу емтиханының ұзақтығы – 3 сағат 30 минут. Осы уақыт ішінде талапкер эссе жазады және 3 сұрақтан тұратын электрондық емтихан билеті бойынша жауап береді. Сұрақтар тізімі мен эссе тақырыбы кездейсоқ таңдау (рандомды іріктеу) тәртібімен қалыптастырылады.